

**«8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Тлеулинова Мейрамкүл Бейсенбайқызының
«Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс және
ағылшын тілдеріндегі аудармаларда сақталуы» атты
диссертациясының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Диссертациялық жұмыста Д. Исабеков шығармаларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында ұлттық сипаттың сақталу мәселелері қарастырылады. Көркем туындыдағы мәдени тіл бірліктері аудармада лингвистикалық және мәдени асимметрияны тудырып, аудармашыдан терең білім мен ізденісті талап етеді. Сол себепті де белгілі бір халыққа ғана тән тілдік бірліктерді екінші бір тіл мен мәдениетке жеткізу әлемдік аударма ғылымында ең өзекті тақырыптардың бірі.

Әр халықтың рухани және материалдық мәдениеті оның әдебиетінде көрініс табатын болса, халықтарды бір-бірімен таныстыруда көркем аударма елеулі рөл атқарады. Алайда, ағылшын тіліне тікелей қазақ тілінен емес, орыс тілінің дәнекерлігі арқылы жасалған көркем аудармаларда қазақ халқының ұлттық болмысын бұрмалайтын лексикалық-семантикалық және стильдік асимметрия көптеп табылады. Осы орайда, аталған зерттеу жұмысында Д. Исабеков шығармаларының аудармаларындағы ұлттық нақыштың сақталу дәрежесі анықталып, аудармадағы қиындықтар сараланады және диссертация авторының өзіндік аудармасының нұсқасын ескере отырып, аударма тәжірибесі бойынша ұсыныстар беріледі. Жазушы туындыларының аударма мәтіндері осы уақытқа дейін жан-жақты зерттелмеген. Тағы бір айта кетерлік жайт, тіл-мәдениет-аударма үштігінің маңыздылығын мемлекеттік «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел», «100 кітап» атты бағдарламаларынан анық көреміз. Қазақстанның әдеби мұрасын әлем тілдеріне аудару, сондай-ақ, әлемге танымал 100 кітапты қазақ тіліне аудару секілді мемлекеттік тапсырыстар жасалып, отандық аударматану ғылымының дамуына тың серпін беруде.

Зерттеу нысаны: Д. Исабековтың «Сүйекші», «Гауһартас», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан» және «Дермене» шығармаларындағы ұлттық сипаттағы лексика – реалия сөздер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары.

Зерттеу пәні: түпнұсқа туындыдағы ұлттық сипаттың аудармада сақталу деңгейі.

Зерттеудің мақсаты – Д. Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларында сақталу деңгейін анықтау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттер** алға қойылады:

– зерттеу тақырыбына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді саралау арқылы жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін қалау;

– Д. Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттағы лексикаға сандық және сапалық талдау жасау;

- Д. Исабеков шығармаларының ұлттық сипатын бейнелейтін тілдік элементтерді іріктеп алу, жүйелеу және интерпретациялау;
- тандалған ұлттық сипаттағы лексиканың түпнұсқасы мен аударма жұбындағы тілдеріне лексикалық-семантикалық, құрылымдық және мазмұндық, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізу;
- аудармада қиындық тудыратын ұлттық сипаттағы лексиканы аударудың әдістері мен стратегияларын жіктеу және жүйелеу;
- көркем аудармада тілдің ұлттық болмысы мен ұлттық бояуын сақтаудың тиімді жолдарын ұсыну.

Зерттеу әдістері. Ұлттық сипаттағы лексиканың аудармада берілу мәселелерін қарастыратын заманауи теорияларды саралау мақсатында ақпаратты жинақтау, жүйелеу әдістері; талдауға түсетін кейстерді анықтау үшін Д. Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипатты көрсететін тілдік элементтерге фиксация жасау, классификациялау және интерпретациялау әдістері; зерттеу нысаны болып табылатын ұлттық сипаттағы лексиканың аудармада сақталуын анықтау үшін салыстырмалы-салғастырмалы, лексика-семантикалық, құрылымдық әдістер; зерттеу нәтижелерін топшалап, тұжырымдау мақсатында сандық және сапалық көрсеткіштер әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы.

Диссертациялық жұмыста тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуші және осы бағыттың іргетасын қалаушы ретінде В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, А.М. Хайдеггер, А.А. Потебня сияқты ірі ғалымдардың еңбектері тірек етілді.

Ұлттық-мәдени лексиканы аудару түрлі стратегияларын талдау кезінде шетелдік аударматану ғылымының өкілдері – Ж. Мунэн, Ю. Найда, П. Ньюмарк, Л. Венутти, К. Шеффнер мен У. Визерман, К. Норд, М. Бейкер, Дж. Кэтфорд, М. Кронин, С. Басснет, Ж.П. Вине мен Ж. Дарбельне және т.б. зерттеушілердің тұжырымдары сүйеу болды.

Ресейлік лингвистика мектебінен Л.Н. Соболев, Г.Д. Томахин, В.Г. Костомаров, В.Н. Комиссаров сынды ғалымдардың еңбектері зерттеу көзіне айналды. Сонымен қатар, болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің мәдени реалияларды аудармада беру теориясына назар аударылды.

Лингвомәдениеттану бағыты бойынша В.А. Маслова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая сынды ғалымдардың еңбектерімен қатар, отандық зерттеушілер А.Т. Қайдар, Е.Н. Жанпейсов, Р. Сыздық, З.К. Ахметжанова, З.К. Сабитованың ғылыми ізденістері негізге алынды.

Қазақстандық ғылыми дискурста А.М. Алдашева, Ж.А. Манкеева, С.А. Ашимханова, Ж. Дәдебаев, А.Ж. Жақсылықов, Т.У. Есембеков, Ә.С. Тарақов сынды және т.б. ғалымдардың теориялық еңбектері мен тұжырымдары маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі кезеңде жазушы Д. Исабековтің әдеби шығармашылығы мен тілдік тұлғасына қатысты жазылған докторлық және кандидаттық диссертациялардың мазмұндық-теориялық қорытындылары аталған зерттеуде кеңінен қолданылды.

Зерттеу дереккөздері мен материалдары.

Зерттеу жұмысында талдауға алынған көркем шығармалар аудармаларының авторлары: Дулат Исабековтің «Сүйекші» повесі орыс тіліне «Молчун» (аудармашы – В. Берденников), ағылшын тіліндегі нұсқасы «The Silent Shadow» (2014) (К. Юдельсон). «Гауһартас» повесі орыс тілінде түпнұсқа атауы сақталып, «Гауһар тас» болып аударылған (Л. Космухамедова мен В. Берденников). Ағылшын тіліндегі аудармасы – «The Little Pearl» (2014) (К. Юдельсон). «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі орыс тілінде «Мы не знали войны» (В. Острогорский), ағылшын тілінде «We Never Knew the War» (2014) (К. Юдельсон). «Қаблан» әңгімесі орыс тілінде «Каблан» (В. Карпенко), ағылшын тілінде «Kablan» (2014) (К. Юдельсон). «Дермене» повесі орыс тілінде «Полынь» (В. Берденников). Д. Исабеков 2023 жылдың 25-ші мамырында берген сұхбат кезінде орыс аудармашыларынан В. Берденников және В. Острогорский жасаған аудармаларына өзі де қатысқанын айтты.

Диссертациялық жұмыста барлығы 973 ұлттық сипаттағы тілдік бірлік іріктеліп алынды олардың қолданылу жиілігі бойынша көрсеткіші – 1578. Оның ішінде реалия сөздер – 603, фразеологизмдер – 359, мақал-мәтелдер – 11.

Жеке шығармалар бойынша, «Сүйекші» повесінде түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 288, контексте қолданылу жиілігі бойынша – 423. «Гауһартас» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 174, контексте қолданылу жиілігі бойынша – 285. «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 136, контексте қолданылу жиілігі бойынша – 288. «Қаблан» әңгімесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 88, контексте қолданылу жиілігі бойынша – 133. «Дермене» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 287, контексте қолданылу жиілігі бойынша – 509.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– алғаш рет Д. Исабековтың «Сүйекші», «Гауһартас», «Дермене», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан» шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында сақталу мәселесі кешенді ғылыми зерттеу нысаны ретінде таңдалынып, қарастырылды;

– алғаш рет Д. Исабековтың таңдамалы шығармаларының орыс және ағылшын аудармаларындағы ұлттық сипаттың тілдік көрінісі анықталып, ұлттық нақыштағы лексика іріктеліп, жіктелді;

– алғаш рет зерттеу аясында өз шығармаларын аударуға атсалысқан жазушы Д.Исабековпен жеке сұхбат жүргізіліп, оның барысында аудармадағы қиындықтар мен автордың аудармаға деген көзқарасы талқыланды;

– алғаш рет «Дермене» повесінің ағылшын тіліне тікелей аударған зерттеушінің авторлық көркем аудармасы ұсынылып отыр, жазушының келісімімен авторлық құқық құжаты ресми түрде рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. Д. Исабеков шығармаларының көркем мәтіндерінде ұлттық сипаттағы лексиканың мол болуына байланысты аударматану саласы үшін үлкен қызығушылық тудырады. Себебі, оның шығармаларында өсімдік атауларынан

бастап дәстүрлі өлшем бірліктеріне дейін қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін паш етеді. Жазушының өзімен сұхбатында айтқандай, тілдік байлықты сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру мақсатында архаикалық лексиканы әдейі пайдаланып отыратыны және көркем аудармада қиындықтар туғызатыны анықталды.

2. Жазушы шығармаларында аударма реципиентіне таныс емес ұлттық сипаттағы тұрмыс-тіршілікке қатысты диалект сөздердің жиі қолданылуы түрлі мәдениет өкілдері арасында түсініспеушіліктің пайда болуына әкеледі. Бұл асимметрия (лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) аудармашыларға қиындық тудырып, қосымша арнайы сөздіктермен жұмыс жасауды қажет етеді. Сондықтан да, оmissия (түсіріп тастау) барлық бес шығармада ең көп қолданылған аударма әдісі болса, «Гауһартас» повесінде сөйлем, абзац көлемінде оmissия әдісі немесе аудармашының өз ойынан қосқан дүниелері көптеп кездеседі.

3. Зерттеу нысаны ретінде алынған жазушы туындыларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармасында ұлттық сипаттағы лексиканы тәржімалау барысында доместикациялау стратегиясы басым. Орыс тілінде арифметикалық орта заңдылығы бойынша 87, 8 % доместикацияланса, ағылшын тілінде бұл көрсеткіш - 94,75 %. Демек, ұлттық сипаттың сақталуы – форенизациялану деңгейі орыс тілінде – 12,2 %, ал ағылшын тілінде – 5, 25%. Орыс тілінде бұл көрсеткіш 7,25 %-ға артық. Жалпы, екі тілдегі аудармада да доместикация, яғни, аударма тілінде мәдени ақпаратты бейімдеу анағұрлым басым.

4. Доместикация стратегиясы аудармашылар тарапынан қолданылған жағдайларда ұлттық ерекшеліктің бір бөлігі жоғалуына әкелген. Алайда бұл құбылысты біржақты теріс құбылыс деп қарастыруға болмайды, себебі әртүрлі трансформациялар арқылы олар түпнұсқаның мазмұнын мүмкіндігінше дәл жеткізуге ұмтылды. Сонымен қатар, аударманың барабарлығына әсер ететін оmissия мен семантикалық бұрмалаулар да тіркелді. Материалдық мәдениет атауларын беру барысында аудармашылар көбінесе функционалды эквивалент, және транскрипцияға жүгінсе, рухани мәдениет элементтерін жеткізуде негізінен түсіндіру, дескриптивті аударма және экспликация тәсілдері қолданылды. Бұл – терең концептуалды ұғымдарды бір ғана сөзбен немесе тұрақты тіркеспен алмастыру мүмкін еместігімен байланысты.

5. Д. Исабековтің бес шығармасында ең жиі қолданылған тілдік бірліктер – фразеологизмдер (барлығы 359 рет: «Сүйекші» – 140, «Гауһартас» – 30, «Біз соғысты көрген жоқпыз» – 49, «Қаблан» – 31, «Дермене» – 61), олар мәтінге ерекше экспрессивтілік пен бейнелілік береді. Алайда аударма барысында негізінен оmissия және дескриптивті аударма тәсілдері қолданылып, толық немесе жартылай эквиваленттер сирек кездеседі. Бұл жағдай фразеологизмдердің ішкі тұтастығы мен метафорикалығына байланысты. Ең сирек қолданылған бірліктер – мақал-мәтелдер (11 рет), олардың басым бөлігі жартылай эквивалент, бейімдеу және компенсация арқылы доместикацияға ұшыраған; тек «Қаблан» әңгімесінде ғана форенизацияның жоғары деңгейі байқалды. Жалпы алғанда, фразеологизмдер мен паремиологиялық бірліктерді

ұлттық ерекшелікті сақтай отырып жеткізу аудармашылар үшін айтарлықтай күрделі мәселе болып табылады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.

Зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары ұлттық сипаттағы лексиканы қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аудару кезінде туындайтын жалпы қиындықтарды жүйелеуге, ал болашақта аударманың жеке және арнайы теориясы мен тәжірибесін дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері «Аударма ісі» мамандығы бойынша оқытудың барлық деңгейлерінде (бакалавриат, магистратура, докторантура) «Көркем аударма тәжірибесі», «Аударма теориясы мен тәжірибесі» курстарын әзірлеу кезінде материал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар Д.Исабеков пен басқа да жазушылардың шығармаларын орыс және ағылшын тілдеріне аударумен айналысатын кәсіби аудармашыларға қосымша ақпарат көзі болады.

Зерттеудің жұмысының мақұлданымы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 8 ғылыми мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында - 1 мақала, халықаралық конференцияларда - 4, ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, анықтамадан, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.